

Сапар Ысқақұлы Ысқақов – 1941 жылы Қостанай облысы Амангелді ауданында дүниеге келген. Инженер-құрылысшы, ҚазКСР еңбек сіңірген құрылысшысы, меценат. 1965 жылы Қарағанды политехникалық институтын бітірген. 1961-68 жылдары «Торғай Алюминстрой» монтаждау учаскесінің шебері, прорабы, бастығы, 1970-71 жылдары Арқалық қаласының бас сәулетшісі, 1971-1977 жылдары «Торғайсельстрой-15» күрделі құрылыс басқармасының бастығы, бас инженері, 1977-78 жылдары әртүрлі құрылыс ұйымдарының басшысы, «Ауыл құрылыс Минстрой» құрылыс басқармасының бастығы, «Торғай Алюминстрой» басқармасының орынбасары, 1987-1990 жылдары «Казмилжирпроект» жобалау институтының директоры, 1991 жылдан 1997 жылға дейін «Омар» компаниясының директоры болып жұмыс істеді.



Белгілі саяхатшы барлық елдерді аралап, Қазақстан Республикасының әлемге одан әрі танылуына үлес қосты. ҚР Президентінің Құрмет дипломымен, Ресей Федерациясы және Ұлыбритания ордендерімен марапатталған.

Әлемнің сирек карталарын жинаумен айналысатын белгілі құрылысшы, меценат, ұлттық тарихты, ұлт руханиятты дәріптеуші Сапар Ысқақов әлемнің 160-тан астам еліне ат басын тіреді. Ортақ тарихты, ортақ дүниетанымды жаңғыртуға бағытталған «Бабалар ізімен» ғылыми экспедициясы еліміздің «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бір бөлігі болды.

Жоба алғаш рет өз жұмысын 2016 жылы Еуропа, Азия, Африка және Америкадағы 41 мемлекетке барумен бастады. Жоба 2021 жылға дейін созылды және әлі де әлемнің 50 еліне бару жоспарлануда. Сонымен қатар, экспедиция барысында 70-тен астам деректі фильм түсірілді, алдағы сапарларда ата-бабаларымыздың әлемдік тарихта өшпес із қалдырғаны туралы 50-ге жуық деректі фильм түсіру жоспарланып отыр.

2020 жылы Амангелді ауданында балалар мен ересектерге арналған жабық бассейннің құрылысы басталды, жобаның құны 120 млн теңге. **2021 жылғы 1 маусымда** Балаларды қорғау күні қарсаңында 25 метрлік жабық бассейн ашылды. Құрылысқа «Тілеп» қайырымдылық қорынан белгілі меценат Сапар Ысқақов қаражат бөлді.

Сонымен қатар меценат, «Тілеп» қайырымдылық қорының директоры Сапар Ысқақұлының демеушілігімен іске асырылып жатқан ең ауқымды жоба – Амангелді ауданы А.Байтұрсынов көшесіндегі туристік хаб құрылысы. Жобаның жалпы құны – 750 млн. теңге. Жоба аясында 2021 жылы 100 млн. теңге бөлу жоспарланған, онда 4 объектінің ашылуы жоспарланып отыр. **2021 жылғы 01 маусымда** Амангелді ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

***Қостанай облыстық мәслихатының 2021 жылғы 21 маусымдағы
№61 шешімімен С. Ысқақовқа «Қостанай облысының Құрметті
азаматы» атағы берілді.***

Искаков Сапар Искакович - родился в 1941 году в Амангельдинском районе Костанайской области. Инженер-строитель, заслуженный строитель КазССР, меценат. В 1965 году окончил Карагандинский политехнический институт. В 1961-68 годах мастер, прораб, начальник монтажного участка «Тургайского Алюминстроя», в 1970-71 году главный архитектор г. Аркалыка, в 1971 - 1977 годах начальник управления капитального строительства «Торгайсельстрой-15», главный инженер, в 1977-78 годах руководитель различных строительных организаций, начальник строительного управления «сельского строительного Минстроя», заместитель управления «Тургайского Алюминстроя», в 1987-1990 годах директор проектного института «Казмилжирпроект», с 1991 по 1997 год работал директором компании «Омар». Известный путешественник объездил все страны и прославил имя Республики Казахстан. Награжден Почетным дипломом Президента РК, орденами Российской Федерации и Великобритании.



Известный строитель, меценат, почитатель национальной истории, духовности нации Сапар Искаков, известный знаток архитектуры, увлекающийся коллекционированием редких карт мира, побывал в более чем 160 странах мира. Научная экспедиция «По следам предков», нацеленная на возрождение общей истории, общего мировоззрения, стала частью программы «Рухани жаңғыру» нашей страны.

Проект впервые начал свою работу в 2016 году, посетив 41 государство в Европе, Азии, Африке и Америке. Проект продлился до 2021 года и по-прежнему планируется посетить 50 стран мира. Кроме того, в ходе экспедиции было снято более 70 документальных фильмов, в предстоящих поездках планируется снять около 50 документальных фильмов о том, что наши предки оставили неизгладимый след в мировой истории.

Так, в 2020 году в Амангельдинском районе начато строительство крытого бассейна для детей и взрослых, стоимость проекта 120 млн тенге. **1 июня 2021 года** в преддверии Дня защиты детей, был открыт 25-метровый крытый бассейн. Средства на строительство выделил известный меценат Сапар Искаков из благотворительного фонда «Тілеп».

Кроме того, самый масштабный проект, реализуемый при спонсорской поддержке мецената, директора благотворительного фонда «Тілеп» Сапара Искаковича - строительство туристического хаба на улице А. Байтурсынова в Амангельдинском районе. Общая стоимость проекта - 750 млн. тенге. В рамках проекта в 2021 году планируется выделить 100 млн. тенге, где планируется открытие 4 объектов. **01 июня 2021 года** Присвоено звание почетного гражданина Амангельдинского района.

Решением Костанайского областного маслихата № 61 от 21 июня 2021 года Искакову С. присвоено звание «Почетный гражданин Костанайской области».